



# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Жиль Делёз «Қалыптасу деген не?»



## Кіріспе

Бұл дәрісіміз Жиль Делёздің «The Logic of Sense» қазақ тілінде «Мағынаның логикасы» атты кітабының бірінші бөлімінің: «Қалыптасу деген не?» тақырыбы туралы болады. Аталған кітап 1969 жылы жарық көрді. Ең алдымен шығарма авторы жайлы бірер сөз айта кетейік. Жиль Делёз 1960–1970 жылдарда Францияның ең ықпалды және барынша өнімді еңбектер жазған философтарының бірі. Ол Сорбона университетінде білім алды және сол оқу ордасында қызмет атқарды. Кейін Лион университетінде философия тарихынан дәріс оқыды. Делёз 1960 жылдардың басынан бастап, өмірінің соңына дейін әдебиет, кино және бейнелеу өнері жайлы философиялық еңбектер жазды. Ол – постмодернистік француз философиясының ең көрнекті өкілі/басты тұлғаларының бірі. Оның ең танымал «Анти-Эдип» (1972) және «Мыңжылдықтар» (1980) атты екі туындысы «Капитализм және шизофрения» жинағына енді. Бұл еңбектерін ол досы психоаналитик Феликс Гваттаримен бірге жазды.

Қазіргі заман сыншылары Делёзге біздің заманымыздың «ең ұлы ойшылы» деген баға береді. Оның еңбектері тек философия саласының дамуына ғана емес, сонымен қатар, өнер саласындағы зерттеулерді қоса алғанда, әдебиет теориясы, постструктурализм және постмодернизм теориясының дамуына ерекше ықпал етті.

Делёздың «Мағынаның логикасы» атты еңбегі Батыс философиясында үлкен беделге ие болды және оны М. Фуко жоғары бағалады. Бұл кітап философиялық сұрақтарды/мәселелерді қозғаумен қатар логика, лингвистика, психолінгвистика, когнитивистика сияқты ғылым салаларына да сүйенеді.

Делёз әлемдік философияның «алтын қорын» құрайтын мәтіндердің шебер интерпретациялаушысы, яғни түсіндірушісі, пайымдаушы, және деконструкторы атағына ие болды. Оның түсіндірмелері өзіндік ерекшеліктерімен қызықты, әрі олар Делёз философиясының өте күрделі тұжырымдамалық қатпарларына терең енуге көмектеседі.

## Негізгі бөлім

Жиль Делёз кез келген ілімнің аяқталу теорияларына, мысалы: философияның соңы, өнердің соңы және тағы басқалары... аса күмәнмен қараушылардың бірі болды. Ол философия жалғасады және философтың міндеті оны дамыту деп саналады деген. Оның «Мағынаның логикасы» атты еңбегі толығымен «тұжырымдамалар» түсінігін қалыптастыруға арналған, яғни Делёздың жазуы бойынша философия «тұжырымдар қалыптастырғанда» ғана өз жұмысын жалғастырады. Тұжырымдамалар әлдебір ойлау блоктары болып табылады. Ол әлдекім бірдеңе жайлы ойлап, оны жеткізгенінде емес, ол біздің ойлаудың басқаша/өзгеше ережелер, заңдар, басқаша логика арқылы ойлау тәсілдерінің мүлде жаңа аймағын табуымызда/ашуымызда жатыр дейді. Делёз бұл мәселеге «Мыңжылдықтар» және «Философия дегеніміз не?» атты еңбектерінде тереңірек тоқталады.

Делёздың «Мағынаның логикасы» атты еңбегін жазудағы мақсаты не? Кітап философия тарихына өзіндік «балама» ретінде ойластырылған/қарастырылған болатын.

Ол логика және мағына мәселелеріне қатысты сұрақтарды қамтиды. Біз неліктен «мағынаны» тек қазіргі түсінігіміз бойынша ғана қабылдаймыз? Расында мағынаның басқаша түсінігі жоқ па?

Делёз Аристотель-Платондық сәйкестік/үйлесімділік логикасын қабылдамайды. Ол былай дейді: «Біз әрнәрсенің/әр заттың ерекше белгісі/атрибуты бар екендігіне үйренгенбіз. Заттың өзі атрибут болып табылады, әлдебір аса маңызды емес таңба/ою сурет (виньетка) секілді, ал стоиктер логикасы бойынша атрибуттар заттарды өзгертеді. Бұл олар «лектон» деп атаған нәрсе».

Делёз дәл осы грек лектондарынан мысал келтіреді. Бұл осы лектон, осы атрибут пайда болған кездегі заттардың өзгертін жағдаяты. Мысал ретінде, денені алайық. «Дене» атаулы сөз бар және негізгі «дене» бар. Алғашқысы мағыналаушы, ал екіншісі мағыналанушы болып табылады. Бірінші кезекте, сөз маңызды. Себебі ол сол затқа бекітілген/телінген атау. Әр зат өзіне нақты бекітілген мағынаға ие. Терге малшынған немесе жарақаттанған және қансыраған



дене, ол енді мүлде басқа дене болып табылады. Әлде ол дене жылап тұр ма? Енді елестетіңіз, тер, көз жасы және тағы басқалар ол дененің өнімі емес, керісінше сол денені өзгертуші нәрсе болса? Делёзге сәйкес, зат өзгереді. Басқа мысал ретінде, орманды алайық. Жауын жауған орман – ол енді мүлде басқа орман. Демек заттар өзгере алады. Саналы адам, әрбір зат нақты анықталған, өзіне бекітілген мағынаға ие дейді. Бірақ Делёз келтірілген мысалдағы заттар бір мезгілде екі түрлі мағынаға ие дейді.

Делёзге ілесе, біз мүлде басқа әлемге тап боламыз. Біз көптүрлілік пен тұрақсыздық әлеміне, үздіксіз өзгерістер/трансформациялар әлеміне, динамика мен тұрақты қозғалыстар әлеміне енеміз. Тұтастай алғанда, бұл өзгерістер әлемі, тұрақты даму әлемі. Делёз әлемді өзгерген қалыпта қабылдауды үйретеді, яғни кез келген нәрсе өзгерген уақытта қабылдау керек дейді.

«Мағынаның логикасы» философияның аса маңызды, әрі дәстүрлі зерттеу тақырыптарының біріне бағытталған, ол: «Мағына ұғымының мәні».

Кэрролл, Ницше, Фрейд және стоиктерге сүйене отырып, автор өзіндік төлтума философиялық тұжырымдамасын дамытады. Ол мағынаны тікелей Платон-Гегель жүйесі белгіленген философиялық дәстүрге тән метафизикалық құрылымдардан күрт ерекшеленетін мағынасыздық/қисынсыздық пен оқиғалар желісімен байланыстырады.

Делёз кітабының басты философиялық ерекшелігі болып табылатын негізгі тақырып: оның мағына мен сандырақ, яғни мағынасыздықтың арақатынасын түсіндіруінде. Ол мағынаны, нонсенсті/қисынсыздықты, мағынасыздықты/сандырақты қалай түсінеді? Делёздың пікірінше, мағынаның негізгі өзегі/түйіні – тіл, және оның ойлаумен арақатынасы болып табылады. Мағына – ойға, сонымен қатар, кейбір заттар жайлы ойларға байланысты нәрсе/ұғым.

Бір қызығы ағылшын тіліндегі *sense* (мағына) сөзінде мұндай ішкі мағына/коннотация жоқ, алайда *sense* сөзіне синоним ретінде жиі қолданылатын *meaning* (мән, мағына) сөзі, білдіру, тұспалдау, ескеру, ойға алу секілді ұғымды білдіретін *mean* етістігімен тығыз байланысты.

Сөздер, сөйлемдер, мәтіндер – бұлар мағыналар қоймасы. Мағына адамның ойлау әрекетінде екі жол арқылы пайда болады: біріншісі, мағына туындағанда, екіншісі, мағынаны қайта қалпына келтіру кезінде. Мағына белгілер арқылы туындамайды, ол сол белгілер арқылы көрініс тауып, бір мәдениеттер келесіге субъект арқылы тасымалданады.

Алайда белгілі бір сөйлемде жасырынған мағынаны түсіну үшін, оның астарлы мазмұнына талдама (құпиясын ашып) жасау, яғни оны айқын/мінсіз ойға айналдыру қажет.

Осылайша Делёздің ойынша, мағынаның түпнегізінің бастапқы бастаушысы сөз емес, адамның мағына қалыптастырушы шығармашылық белсенділігі болып табылады.

Делёздің нұсқасында мағына мен заттардың арасында мәңгі бітпес қарама-қайшылық/оппозиция немесе оның үстіңгі қатпарларының әр қабаттарында болатын қарама-қарсы сериялары (мағыналаушы мен мағыналанушы, сөйлемдер мен заттар) бар.

Делёз өз тұжырымдарын неміс философтары Кант пен Гуссерльге қарсы қояды.

Осы жерде жаңа «оқиға/құбылыс» термині пайда болады. Бұл терминнің мағынасы әртүрлі ұқсас ұғымдармен беріледі.

Мәселен, Эйнштейн бұл терминді арнайы салыстырмалылық теориясында қолданады, онда оқиға төрт өлшемді уақыт кеңістігіндегі нүктені білдіреді. Оны белгілі бір жерде, белгілі бір уақыт өлшемінде орын алатын «нәрсе» деп қарастыруға болады.

Ықтималдылық теориясында оқиғалар жайлы, кейбір тәжірибелердің кездейсоқ нәтижелері (тиын тастау), бақыланатын әсерлер (баланың туылуы, атомдардың ыдырауы, т.б.) тұрғысында айтылады.

Тарих ғылымда оқиғалар желісі, хронологиялық тәртіп бойынша орын алған тарихи феномендер/құбылыстар (шайқастар, революциялар, т.б.) тізбегі ретінде айтылады. Барлық келтірілген мысалдарда «оқиға» терминінің қолданысы бақыланушының негізгі «мәнін» абстракциялауымен сипатталады, жағдайдың фактісі ғана маңызды.

«Сондықтан біз енді оқиғаның мәні неде екендігін сұрамаймыз, – дейді кітап авторы, – оқиға сол мағынаның өзі. Оқиғаның өзі тілге тиесілі».

Л. Кэрролдың «Алиса ғажайыптар әлемінде», «Алиса айнаның арғы бетінде» атты кітаптарының мысалы негізінде Ж. Делёздың «оқиға» деген сөзіне түсініктеме жасауын алуға болады.



## Ж. Делёздың қалыптасу тұжырымдамасы

Делёздың пайымдауынша, философия – бұл жаңа түсініктер жасаушы жүйе. Жаңа түсініктерсіз немесе тұжырымдарсыз ешқандай ойлаудың шарықтауы болмайды. Екіншіден, Делёз, тұжырымдар тану/мойындау құралы емес, анализ/талдау жасау құралы болуын ұсынды.

Егер Делёз жұмыстарының ауқымын қарайтын болсақ, онда қалыптасу тұжырымдамасы оның басты тұжырымдамасы ғана емес екендігін көреміз.

Льюис Кэрролл қиялдауды сүйетін. Оның ертегілері сандырақ жанрындағы әдебиеттің үздік үлгісі саналады; ол көптеген математикалық, лингвистикалық және философиялық әзілдер мен аллюзияларды қолданады.

Жүздеген әдебиеттанушылар, тарихшылар, психологтар мен философтар оның шығармаларынан астарлы, қосалқы және шифрланған мағынасын табуға талпынды.

Расында да, жас адамның/қыздың таңғажайып және керемет/адам нанғысыз оқиғалары, ребустар мен жұмбақтар, басқатырғыштар, оғаш/эксцентрлі ақыл ойындары, ғажайып және әсерлі кейіпкерлердің терең философиялық мәні бар ма?

Делёз «Алиса ертегілер әлемінде» атты шығармасын қарапайым балалар ертегісі ретінде қабылдамайды, ол оның ішкі мазмұнына, ондағы оқиғаларға үңіліп, терең философиялық контекстіні көреді. Оның басты кейіпкері қызыққұмар/білуге күштар қыз Алиса. Ол әртүрлі таңғаларлық тіршілік иелері, атап айтқанда қоян, Додо құсы, жұлдызқұрт, чешир мысығы, герцогиния және т.б. қоныстанған қиял-ғажайыптар әлеміне тап болады. Оқиғалардың баяндау желісі мен құрылымы Делёздың қызығушылығын оятты.

Ол өзінің «Мағынаның логикасы» атты кітабының «Қалыптасу деген не?» деген тақырыбындағы бірінші бөлімінде «оқиға» түсінігіне қатысты сұраққа философиялық таным тұрғысынан жауап беруге тырысады. Әсіресе, Алиса бойын біресе үлкейтіп, біресе кішірейтетін түрлі объектілерді/құралдарды табатын кезде шабыттана түсетін. Ғажайыптар әлемінде Алиса желпуішті алады да, онымен желпінген кезде, ол кішірейе бастайды да, өз көз жасы теңізіне түсіп кетеді. Содан кейін, әңгіме желісі бойынша Алиса құтыдан әлдебір сұйықтықты ішіп, қайтадан қоянның үңгіріне сыймастай, қайта өседі. Міне, Делёзді қызықтырған да, кітаптың осы бірінші тарауындағы Алисаның кішіреюі мен өсуіне қатысты сахна болатын. Ол мұны «таза оқиға» деп атайды.

«Оқиғалар үнемі сериялы түрде, яғни жаңа оқиғалар туындата алады. Оқиғалар кеңістікке емес, уақыт ағымына бөлінеді», – деп жазады Делёз.

«Таза оқиғаға» Алисамен болған бой өзгеру құбылысына – Делёз «қалыптасу» деген атау береді: Қалыптасуды мәні/негізі – қозғалыс, бір мезетте екі мағынада-бағытта бірдей созылған қозғалыс: Алиса жиырылусыз өспейді және керісінше.

Делёз «Қалыптасу деген не?» атты еңбегінде былай деп жазады:

«Льюис Кэрроллдың «Алиса ғажайыптар әлемінде» және «Алиса айнаның арғы бетінде» деген ертегілерінде «таза оқиғалар туралы» өте ерекше идеялар мен заттардың категориясы туралы айтылады.

Мен, «Алиса үлкейіп келе жатыр» дегенде, оның бұрынғы қалпынан үлкенірек болып келе жатқанын меңзеймін. Алайда дәл солай, ол қазіргі қалпынан кішірейіп келе жатыр. Әлбетте, ол бір уақытта үлкейе де, кішірейе де алмайды. Ол қазір үлкенірек; ал бұрын кішірек болды. Бірақ бұл сондай-ақ, бір мезетте бірінің бұрынғыға қарағанда үлкенірек және қазіргіге қарағанда кішірек бола бастау сәті.

Дәл осы шынайы уақыттан/осы шақтан сытылып кету, қалыптасудың бір мезеттілік құбылысының негізгі қасиеті болып табылады», – деп жазады Делёз. Ол осы шақтан тайқып кететіндіктен, қалыптасу бұрынғы немесе кейінгіге, өткен шақ пен болашаққа бөлуге не ажыратуға жол бермейді. Ол қалыптасуға тән бір сәтте екі бағытқа қарай қозғалу мен олардан алыстау қасиетіне жатады: Алиса кішіреюсіз үлкеймейді және керісінше. Ақылға қонымды мағына: барлық заттардың анықтаушы мағынасы не бағыты бар; бірақ, парадокс сонда, ол бір мезгілде екі мағынаның не бағыттың бірден расталуында. Мұндай екі түрлі мағынаның бір мезгілде берілуі бос сандырақ/мағынасыздық болып табылады. (Делёз «Қалыптасу деген не?»)



Оқиға тұжырымдамасы/түсінігі, қабылдау актісімен қамтамасыз етіледі, онда уақыт өзіндік мызғымас және тұрақты келбетінде қабылданбайды, бірақ ол өз мәнін «өлі» шексіздікпен/уақыттан тыс үйлесімділікте/барабарлықта табады. Оған берілген «уақыттан тыс» атауы, уақыт ұзақтығы мағынасын білдіретін, оқиға желісі болып табылады.

«Оқиғаны табиғи құбылыстың түпкі көрінісі ретінде түсіндіру. Мен «оқиғаға» уақыт-кеңістігіндегі құбылыс деген атау беремін», – дейді Делёз. Ойшылдың пікірінше, әлемнің мәні – ол процесс, демек, кез келген құбылыс, кез келген объект – бұл оқиға, алайда оны қабылдаушы субъекттің міндетті түрде қатысуы қажет емес. Ол өзінің барлық көріністерінде үздіксіз дамып келе жатқан «тірі организм» ретінде танылады.

Философ оқиғаның парадоксалды сипатына назар аударады.

Делёз кітабын отыз төрт бөлікке бөледі, онда ол Льюис Кэрролдың «Алиса ғажайыптар елінде» ертегісін, сондай-ақ, Хорхе Луис Борхестен бастап, Скот Фицджеральдқа дейінгі көптеген басқа әдеби шығармаларды оқып, оларға түсініктеме жасайды.

### Делёздің «Қалыптасу деген не?» деген еңбегінен үзінді

«Таза қалыптасудың парадоксы, оның қазіргі шақтан сытылып кету қабілетін есепке алғанда – шексіз бірдейліктің парадоксы болып табылады, яғни өткен мен келешек, кеше мен ертең, көбірек пен азырақ, артық пен кем, актив пен пассив, себеп пен салдардың – екі бірдей бағыттар мен түсініктердің шексіз бірдейлігі. Бұл – шектерді айқындайтын тіл, сондай-ақ, тілдің өзі қалыптасудың шексіз баламалығын жоққа шығарып, осы шектерден де асып кете алады», – дейді Делёз.

Демек Алисаның бастан кешкен ғажайыптары, яғни оның өзара өзгеріп тұруы осыдан туындайды: «үлкею мен кішіреюдің өзара алмасуы – қай жолмен болады?» деп сұрайды Алиса. Ол, бір уақытта екі түрлі бағытта бірдей қозғалатынын сезінеді, демек ол бір қалыпта, тек қана оптикалық иллюзия арқылы болуы мүмкін; бір күн бұрын және бір күн кейін өзара алмасып тұрады, ал осы шақ ылғи жылыстап сытылып кетеді. Артық пен кемнің өзара алмасуы: қалыптасудың өзі болып табылады деп түйіндейді Делёз.

Осылайша, қалыптасу – заттар мен құбылыстардың өзгергіштігін білдіретін санат болып табылады. Ол үш негізгі мағынада қолданылады: а) даму санатының синонимі ретінде; ә) олардың негізінде туындайтын процестер мен құбылыстардың алғышарттарын түзетін процестер көрінісі ретінде; б) объектінің «бастапқы қалыптасуының» сипаты ретінде, пайда болу мен жойылуың, бар болу мен болмаудың бірлігін білдіретін процесс ретінде. Қалыптасу процесінде ескіден жаңаға, өсу, бірігу, нығаю және біртұтас дамыған жүйеге көшу жүзеге асады.

Делёз өз өмірінде әлі күнге дейін көптеген академиялық білім салаларына, атап айтқанда, философия, кино өнері, әдебиет теориясы, әдеби сын, әлеуметтік және саяси теория, өнер және архитектура теориясы салаларына ерекше ықпал ететін құнды философиялық мұра қалдырды. Бұл Делёздың кең көлемде беделге ие болғандығын көрсетеді. Ол Бергсон, Фуко, Кант, Юма, Лакан, Лейбниц, Маркс, Ницше мен Спиноза идеяларын суретші Бекон және Артоның, романист Кафка мен Кэрролл, режиссерлер Херцог, Хичкок пен Эйзенштейн идеяларымен жаңашыл/инновациялық сипатта біріктірді. Бұл оның кейбір терең ықпалына жасалған қысқаша шолу ғана. Делёздің барша интеллектуалдық толқуы мен ықпалының кеңдігін, оның досы философ Мишель Фуконың: «Бұл ғасыр (XX ғасыр) Делёзиан ғасыры болады» деген сөздері дәлелдей алады. Делёздің еңбектері көптүрлілік, конструктивизм, постструктурализм, айырмашылық пен қалау түсініктеріне негізделеді және XX ғасырдың құрлықтық ойының негізгі дәстүрлерінен айтарлықтай қысқарады. Ол әдебиет пен субъективтілік туындыларын қазіргі заманғы интерпретациялау саласындағы ең ықпалды тұлға болып табылады.

Делёз заманауи философияға көптеген жаңа терминдер енгізді: айырмашылық, мағына, оқиға, шизофрения, «мағынаның үстірттігі», «оқиға», «сингулярлық» – бір-біріне сілтеме жасайтын, түптеп келгенде түпнұсқа онтологияны қалыптастыратын, көптеген тұжырымдар мен ұғымдар жүйесін жасады. Делёз философиясының метафизикалық бөлігін ашып, ол ұсынған тұжырымдамалық аппараттарының мазмұнына тереңірек бойлау үшін бізге, оның тарихи және философиялық жұмыстары көмектеседі.



## Қорытынды

Джулия Ривкин мен Майкл Райан былай деп жазады:

«Жиль Делёз 1960–1970 жылдарда Францияның ең ықпалды және барынша өнімді еңбектер жазған философтарының бірі. Өз заманының өзге де қайраткерлері сияқты, ол ойдың, әдебиеттің және дүниенің күрделілігіне айрықша назар аударды. Ол тұрмыс пен тұрақтылық секілді өзгеріп және құбылып отыратын нәрселерден тұратын, өмірдегі тұрақсыздықты сезінуге ұмтылған дүние үшін жаңа дерексіз модельдерді\абстракттілі үлгілерді дамытты (мәселен, «кітап» пен «өзек\тамыр» арасындағы айырмашылық). Дүние жайлы осылай ойлау біздің сөздіктеріміздің тиімділігін азайтады дей келе, ол адам өмірі уақытпен бірге қалай өзгеретінін түсіндіру үшін «аумақ», «аумақсыздандыру» сияқты жаңа терминдерді жасауға шақырады.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Делёз Ж., Логика смысла (Первая половина). Интернет-ресурс.
2. Deleus J. What Is Becoming?
3. Ж. Делёз. Различие и повторение (Перевод Н.Б. Маньковсой и Э.П. Юровской) – СПб, Петрополис, 1998.
4. Делёз Ж., Фуко М. Логика смысла. *Theatrum philosophicum*/ М., – Екатеринбург: Раритет-Деловая книга, 1998. – 480с.
5. Patton P. Introduction // *Deleuze: A Crical Reader*.
6. Ризома // Новейший философский словарь. Интернет-ресурс: [https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic\\_new\\_philosophy/1020/%D0%A0%D0%98%D0%97%D0%9E%D0%9C%D0%90](https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_new_philosophy/1020/%D0%A0%D0%98%D0%97%D0%9E%D0%9C%D0%90)
7. Джулия Ривкин и Майкл Райан. Антология теория литературы.
8. Deleuze C, Guattari F. *Rhizome*. Introduction. Paris, 1976 – p.73,74.